

#IronCard өнімі бойынша кэшбэк бағдарламасы



1. Кэшбэк бағдарламасы

1.1. Бағдарлама клиенттердің Банк өнімдеріне бейілділігін арттыруға, төлем картасын және/немесе оның деректемелерін және/немесе токенін пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз көп сауда жасау үшін клиенттерді ынталандыруға арналған.

2. Терминдер мен түсініктемелер

2.1. Банк – «Банк ЦентрКредит» АҚ.

2.2. Кэшбэк – клиентке картаны (оның деректемелерін/токенін) пайдалана отырып, жүргізілген қолма-қол ақшасыз сатып алу сомасынан ақшаның бір бөлігін ПОС-терминал немесе Интернет арқылы қайтару.

1 кэшбэк = 1 теңге.

2.3. MSC (Merchant Category Code) коды – сауда орнының қызмет түрін сипаттайтын арнайы төрт таңбалы код

3. Кэшбэк түрлері

3.1. Банк кэшбэк есептелетін сауда санаттарын MCC (Merchant Category Code) – сауда орнының негізгі қызметін сәйкестендіру үшін Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелерінде көзделген код бойынша белгілейді (мысалы, MCC 4511 – Авиажелілер немесе 7011 – ОТЕЛЬДЕР).

3.2. Банкте # IronCard өнімі бойынша кэшбэктің келесі түрлері көзделген:

Кэшбэк түрі	Сатып алынған тауар сомасының мөлшері, %
Жеке саудаңыз үшін кэшбэк (базалық)	2%
Жеке саудаңыз үшін кэшбэк (1 млн теңгеден бастап 6 млн теңгеге дейін ақша салымы болған кезде) ¹	+1% (барлығы 3%)

Жеке саудаңыз үшін кэшбэк (6 млн теңгеден бастап ақша салымы болған кезде) ¹	+2% (барлығы 4%)
---	------------------

¹ Салымдар тізімі: Юбилейный, Рақмет (толықтыру құқығынсыз), Рақмет+ (толықтыру құқығымен), Чемпион, Эталон, Эталон+, Біздің депозит, Прогресс, Икемді, Сенімді.

3.3. Айына кэшбэктің ең жоғарғы сомасы – 100 000 теңге

3.4. Банк келесі шығыс операциялар үшін кэшбэк есептемеуге құқылы:

- ВСС.KZ қосымшасында жүргізілген төлемдер;
- қаржы институттарының/кредиттік ұйымдардың банкоматтарынан және кассаларынан ақша қаражатын алу (МСС 6011, 6010);
- ақша аударымдары, ақша есептеу, қаржы ұйымдары, мемлекеттік төлемдер (МСС 4829, 6531-6540, 6012, 6022-6028, 9211, 9222, 9311, 9399, 9402, 9405 және операция ақша қаражатын аударуға байланысты болған кезде басқа МСС);
- телекоммуникация қызметтері, мобильді байланыс, интернет және ақылы телевизиялық қызметтер төлемі (МСС 4813, 4814, 4815, 4821, 4899);
- коммуналдық төлемдер (МСС 4900);
- ұтыс және бәс тігу төлемдері, казино фишкаларын, шетел валютасын, бағалы қағаздарды сатып алу, пайлармен жасалатын қаржылық мәмілелердің төлемін жүргізу, ломбардтар (МСС 5933, 6050, 6051, 6211, 6529, 6530, 7800, 7801, 7802, 7995, 9223, 9754);
- көтерме/коммерциялық сауда-саттық (МСС 5046 – коммерциялық жабдық, 5099 – өрт сөндіргіштер, өрт хабарлағыштар және басқалар, 5172 – мұнай және мұнай өнімдері, 5715 – алкоголь);
- басқа (МСС 4816 – компьютерлік желі/ ақпараттық қызметтер, 5960 – пошталық жөнелтілім арқылы сақтандыру, телевизиялық хабарландырулар және басқа, 6300 – сақтандыру төлемдері, андеррайтинг және сыйлықақы, 6399 – сақтандыру – еш жерде жіктелмеген, 6513 – жылжымайтын мүлік агенттері мен менеджерлер – жалға алу, 7276 – салық бойынша қызметтер, 7299 – басқа сервис – еш жерде жіктелмеген, 7311 – жарнама қызметтері, 7372 – компьютерлік бағдарламалау, деректерді өңдеу және интеграцияланған жүйелерді жобалау қызметтері, 7399 – бизнес қызметтер, 8999 – кәсіби қызметтер – еш жерде жіктелмеген, 8398 – қайырымдылық).

3.5. Картамен сауда жасағаны үшін Банктің серіктестерінен <https://club.bcc.kz/> және Visa халықаралық төлем жүйесінен <https://www.visa.com.kz/ru/kz/visa-offers-and-perks/> жеңілдіктер мен арнайы ұсыныстар көзделген. Клиент жеңілдік алу үшін өзін #IronCard иесі ретінде сәйкестендіріп, осы картаны төлем жасау үшін пайдалануы тиіс.

Халықаралық артықшылықтар мен жеңілдіктерді алу үшін Visa арнайы сілтемелері бойынша #IronCard картасымен төлем жасау талап етіледі. Ұсыныстар туралы толығырақ <https://www.visa.com.kz/ru/KZ/pay-with-visa/find-a-card/infinite.html> сілтемесі арқылы танысуға болады.

4. Жалпы қағидалар

4.1. Кэшбэк клиентке сәтті сауда жүргізілгеннен кейін бірден қолжетімді болады (карта шотындағы қолжетімді балансты арттыру арқылы). Сауданың күші жойылған кезде немесе Банк сауда орнынан сауда жүргізу фактісінің растауын алмаған жағдайда (егер сатып алу сомасы карта шотынан есептен шығарылмаса) күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде кэшбэк карта шотының қолжетімді балансын азайтыла отырып жойылады.

4.2. Кэшбэк Банк белгілеген және Банктің байланыс арналары арқылы клиенттің назарына жеткізілген мөлшерде төленеді.

4.2. Банк кэшбэк ұсыну талаптарын Банктің тиісті шешімі негізінде біржақты тәртіппен өзгерте/толықтыра алады.

4.3. Банктің шешімі бойынша кэшбэктің күшін жою мүмкін болады. Банк клиентке өз шешімінің себебін хабарламауға құқылы.

4.4. Банк эквайер-банктердің сауда-сервистік орындарға дұрыс MCC кодын бермегені үшін жауап бермейді.

5. Өзге талаптар

5.1. Клиент осы Бағдарламаға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше қадағалауға міндеттенеді.

5.2. Банк Банктің сайтына жаңа Бағдарламаны орналастыру немесе қолданыстағы Бағдарламаға өзгерістер енгізу арқылы Бағдарламаның талаптарына өзгерістер мен толықтыруларды біржақты тәртіппен енгізуге құқылы. Қосымша Банк клиенттерге Бағдарламаны өзгерткені туралы маркетингтік және/немесе ақпараттық хабарламалар ұсыну арқылы клиенттерге хабарлауға құқылы.

5.3. Егер Бағдарламаның артықшылықтарын теріс пайдаланудың нәтижесінде есептелген кэшбэкті клиент пайдалынып үлгерген болса, клиент Банкке есептелген кэшбэк сомасын кез келген картаның шотынан Банктің акцептсіз есептен шығаруы/ тікелей дебеттеуі арқылы Банкке есептелген қаражатты қайтаруды тапсырады.